

**Шалқар аудандық мәслихатының 2016 жылғы 21 желтоқсандағы № 70 шешімі**  
Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 қаңтарда № 5205 болып тіркелген

**Шалқар ауданының ауылдық  
елді мекендеріне жұмыс істеу  
және тұру үшін келген денсаулық  
сақтау, білім беру, әлеуметтік  
қамсыздандыру, мәдениет,  
спорт және агроөнеркәсіптік  
кешен саласындағы мамандарға  
2017 жылға әлеуметтік қолдау  
көрсету туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 18 бабының 8 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы» қаулысына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шалқар ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2017 жылға келесідей әлеуметтік қолдау көрсетілсін:

1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;

2) тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау - бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада - бюджеттік кредит.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Шалқар аудандық  
мәслихатының  
сессия төрағасы**

**Ж.Сейтмағанбетова**

**Шалқар аудандық  
мәслихатының  
хатшысы**

**С.Бигеев**